

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŇ BILIM JÁNE ҒYLYM MINISTRLOGI  
Ó. SULTANҒAZIN ATYNDAǴY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGIKALYQ ÝNIVERSITETI



**«Sultangazin oqýlary» I-shi Halyqaralyq  
ǵylymi-praktikalyq konferensiasynyŇ  
MATERIALDARY**

**17-18 мамыр 2019**

**МАТЕРИАЛЫ  
I-ой Международной научно-практической  
конференции «Султангазинские чтения»**

**17-18 мая 2019**

**MATERIALS  
of the I<sup>st</sup> International scientific and practical  
conference «Sultangazin readings»**

**May 17-18, 2019**

**Qostanai, 2019**

ӘОЖ 378 (094)  
КБЖ 74.58  
С 89

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ**

**Бас редактор**

*Әбіл Еркін Аманжолұлы*  
тарих ғылымдарының докторы, профессор

**Бас редактордың орынбасарлары:**

*Медетов Нурлан Амирович*  
физика-математика ғылымдарының докторы  
*Ташетов Аманжол Аскарович*  
PhD докторы

**Редакциялық алқа мүшелері:**

*Утегенова Бибикуль Мазановна*  
педагогикалық ғылымдар кандидаты, доцент  
*Евдокимова Ольга Николаевна*  
педагогикалық ғылымдар кандидаты  
*Балгабаева Гаухар Зкрияновна*  
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент  
*Жумабаев Канат Аканович*  
кандидат экономических наук  
*Бобренко Марина Александровна*  
*Сатбаева Муснай Тулегеновна*  
*Жиенбаева Аида Аманжолқызы*

С 89 «Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. = Материалы международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения». = Materials of the international scientific and practical conference on «Sultangazin readings». – Қостанай, 2019.

**ISBN 978-601-7934-72-9**

«Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары жинағында білім беру жүйесін дамыту мен кадрларды даярлаудың ғылыми әлеуетін арттыру, қоғамды дамытудың маңызды мәселелері және «Мәңгілік Ел» бағдарламасының негізгі принциптерін жүзеге асыру жайында зерттеулер жарық көрді.

В материалах международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения» опубликованы исследования актуальных вопросов развития системы образования и научного потенциала подготовки кадров, общества и реализации основных принципов программы «Мәңгілік ел».

The materials of the international scientific-practical conference «Sultangazin Readings» are devoted to studies of topical issues of the development of the education system and the scientific potential of personnel training, society and the implementation of the basic principles of the program «Мәңгілік ел»

**ӘОЖ 378 (094)**  
**КБЖ 74.58**

*Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің*  
*Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған*

*Жинақта ұсынылған мақалалардың мазмұны үшін жеке автор(лар) жауапты*

**ISBN 978-601-7934-72-9**

© Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай  
мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

кружков помогает студентам развиваться и раскрывать свой внутренний потенциал, достичь успеха в учебно-профессиональном становлении. У студентов, задействованных в работе научных кружков при вузовских кафедрах, заметно укрепляются познавательный интерес и стремление к самореализации.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Антонович И.И. Система контроля самостоятельной работы [Текст] // Вестник высшей школы. – 1999. – №5. – С. 241-243.
2. Белявский И.Г. Некоторые психологические аспекты активизации познавательной деятельности студентов // Проблемы активности студентов. – 1995. – №2. – С.123-126.
3. Андронов Д.Е., Власов Р.В. Влияние научных кружков на студентов в образовательном процессе // Научное сообщество студентов XXI столетия. Общественные науки: сб. ст. по мат. VI междунар. студ. науч.-практ. конф. – 2012. – №6. – С. 144-149.
4. Селье Г. Стресс без дистресса. – М.: Прогресс, 1982. – 128 с.

## БОЛАШАҚ МАМАНДАРҒА ҒЫЛЫМИ ТІЛДІ ДАМУ

### *Development of a scientific language for future specialists*

**Ж.Л. Кенжитаева**

**Zh.L. Kenzhitayeva**

Рудный индустриальный институт, Рудный, Қазақстан, [kenzhitayeva@mail.ru](mailto:kenzhitayeva@mail.ru)

#### **Аннотация**

Бұл мақалада оқу үрдісінде оқытудың жаңа технологияларын қолдану қарастырылады. Мен инновациялық технологияларды енгізуді, атап айтқанда, мақал мәтіндерді қолдануды және оларды оқу үрдісінде салыстыруды қарастырамын.

#### **Abstract**

In this article the question of the problem of the application in the educational process is considered. I describe the introduction of innovative technologies, the usage of proverbs and their comparison at the lessons in the process of teaching.

*Кілт сөздер:* ғылыми тілді даму.

*Key words:* development of a scientific language.

Көптілділікті оқытуда жоғары оқу орындарының алатын орны ерекше. Себебі білім де, тәрбие де, өмірге деген көзқарас та осы жоғары оқу орындарында қалыптасады. Оларды іске асыратын басты тұлға оқытушы. Шетел тілдерін оқытуда «Көптілдер», «Көптілділік», «Жаһандау» терминдері жиі қолданылатын болды. Көптілділік – заман талабы. Бір халықтың мәдениетін басқаларымен салыстыру ғана емес, әлем суретін әр алуан әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің барлық ерекшеліктерін және құндылықтарын сезінуге болады. Бүгінгі күнде еліміздің Президенті Н. Назарбаев отандық білім берудің алдына жоғарғы талап қойып отыр [1].

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінің заманалық қажеттіктерді өтеуге бейім болуы, ең алдымен, оның халықаралық стандарттарға сай білім беруге қабілеттілігінен көрінеді. Олай болса, қазіргі кредиттік оқу жүйесінің талаптарына толық жауап бере алатын оқытудың жаңа технологияларын қолданудың өзектілігі күн тәртібіне қойылуы заңды. Бұл орайда студенттердің ізденімдік және шығармашылық қабілеттерін жетілдірудің аса маңызды жолы ретінде жобалай оқыту технологиясының оқыту үдерісіне енгізілуінің орны ерекше. Бұл, әсіресе, болашақ кәсіби мамандарға мемлекеттік тілді меңгерту үдерісінде шешуші мәнге ие факторлардың бірінен саналады. Өйткені бұл технология қазақ тілінің өз

мәртебесіне лайық қолданылуына толық мүмкіндік бере алады. Студенттің жоғары оқу орнында жүргенде оқу-танымдық әрекеттің неғұолым белсенді түрлерін игеріп, оларды өз бетімен білім іздеп табу, білімін жинақтай алу, дәлелдей алу әдістері арқылы меңгергенде ғана оның өзгермелі дүние жағдайында өздігінен шешім жасап, жол табуына, кәсіби шеберлігін үнемі өзіндік ізденіс арқылы дамытуына қажетті өмірлік дағдылары қалыптасатыны даусыз.

Жоғары мектептің гуманитарлық бөлім студенттеріне қазақ тілін екінші тіл ретінде жобалай оқыту технологиясы арқылы оқыту үдерісінің тірек ететін базалық-әдістемелік қағидалары ретінде мына ұғымдар алынды да, олар арқылы тілді сапалы оқыту әдістемесінің мынадай бағыттары айқындалды :

– жоғары мектептің гуманитарлық бөлімдерінде қазақ тілін екінші тіл ретінде жобалай оқыту технологиясы арқылы оқыту – қазақ тілі пәні оқытушыларының іс-әрекетін білдіреді;

– жоғары мектептің гуманитарлық бөлімдерінде қазақ тілін екінші тіл ретінде жобалай оқыту технологиясы арқылы оқып-меңгеру – қазақ тілін пән ретінде игеруші студенттердің іс-әрекетін білдіреді;

– жоғары мектептің гуманитарлық бөлімдерінде қазақ тілін екінші тіл ретінде жобалай оқыту технологиясы арқылы теориялық және практикалық білім беру – қазақ тілін пән ретінде меңгеруші студенттердің қазақ тілі туралы теориялық минимумды меңгеруі, қазақша сөйлеу, жазу, оқу, тындау мен түсіну білік-дағдыларын игеруі; ақыл-ой өрісінің дамып-жетілуі; белгілі бір дүниетанымдық көзқарастыруға ие болып, адамгершілік нормаларын игеруі, жалпыадамзаттық мәдени құндылықтарды танып-білуі және оны игеруге өз бетімен ұмтылыс жасай білуіне мүмкіндік жасау;

Жоғары мектептің гуманитарлық білім студенттеріне қазақ тілін екінші тіл ретінде жобалай оқыту технологиясы арқылы қазақстандық азаматты, болашақ маманды, жеке тұлғаны дамытуға бағыттап, оқытып-тәрбиелеу – осы мақсатқа бағытталған.

Қазақ, орыс және ағылшын тіл білімінде ауыспалы мағыналардың қолдануының ерекшеліктері мен айырмашылықтары алғаш рет салыстырыла қарастырылып, осы тілдердегі мәтін деңгейіндегі метафора метонимия және синекдоханың берілу тәсілдері кешенді түрде зерттеледі. Ауыспалы мағыналардың қолдануы туралы лингвистикалық тұрғыдан зерттеушілердің қатарына К. Аханов, Т. Абылқасымов, А.И. Ефимов және тағы басқалардың жұмыстарында сөз болады. Ауыспалы мағына сөздің қолданылуы барысында пайда болатын туынды мағынасы. Этимологиялық тұрғыда ол негізгі (тура), мағынадан өрбиді. Ауыспалы мағынаның жасалуына бір зат пен екінші бір заттың, бір құбылыс пен тағы басқа құбылыстың форма, сыртқы түр, түс ұқсастығы, қызмет сәйкестілігі негіз болады. Мысалы, «Түзу ағаш үйге тіреу, түзу жігіт елге тіреу» (мақал) деген сөйлемде тіреу өзі алғашқысында негізгі (тура), екіншісінде ауыспалы мағынада қолданылған. Сөздің ауыспалы мағынада қолданылу тәсілдеріне метафора, метонимия, меңзеу, қызмет бірлігі т.б. жатады. Сөздердің қызмет бірлігі бойынша ауыспалы мағынада қолданылуы олар бейнелейтін заттар мен құбылыстардың тұлғасы, түрі мен түсі, басқа да белгілері жағынан әр түрлі бола тұрып, атқаратын қызметтері бір болуына байланысты. Мысалы: жүру өз кезінде бір ғана мағынада қолданылып кейін түрі қозғалыс түрлерінің бәрінің атауына айналған. Ауыспалы мағыналарының түрлеріне тоқталсақ: метафора [2].

Ауыстыру мағынасында қолданылатын сөздер қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі шығармаларда да басқа әдебиеттердегі поэтик тілдерімен негізі бір. Бірақ мазмұны жағында өзгешелік болмаса да, қазақ шығармаларындағы метафораларды орыс тіліндегі метафоралармен салыстырғанда, сондай-ақ, қазақ тілі шығармаларындағы метафоралар мен ағылшын тіліндегі метафоралардың жасалуы жағынан өзгеше кейбір ерекшеліктері де жоқ емес [3].

Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс тандау. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рөл атқарады. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін ти-

гізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Оқытушы – үйрететін адам болумен бірге үйренуші де. Үйрене білу – мұғалімнің басты қасиеті. Ол өз пәнінің зерттеушісі болуы керек. Сабақты бір сарынмен бере бермей, білім үрдісінің тиімді жолдарын қарастырып, сабақ жоспарларына шығармашылық тұрғыдан қарап, жаңа технологияларды сабақтарында кеңінен пайдаланған жөн.

Жаңашыл педагогтар оқушылардың көкірек көзін ашатын, зердесіне зеректік, біліміне біліктілік қосатын оқу-әдістемелік технологиялар ұсынуда. Педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасалады. Барлық инновациялық технологияны менгеріп, оны сабаққа барлығын бірдей қолдану мүмкін емес, сондықтан оқытушы өзіне ұнаған, дұрыс нәтиже беретін технологияны білім деңгейіне қарай өзгертіп, жаңартып пайдаланатын болса, сабақтың нәтижелілігі тиімді болмақ.

«Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық» – деген сөздерді ескере отырып, сабақтарымызда мүмкіншілігіне қарай интерактивті тақтаны пайдаланып отырсақ оқытушының ұтары мол деп ойлаймыз. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты әртүрлі жолмен жүзеге асырылуы мүмкін [4].

Бүгінгі таңдағы студент мамандығына байланысты білім алуда пәннің орны мен рөлін, маңызын білуге, дәрісханадан тыс уақыттарын тиімді пайдалануды ұйымдастыруға, танымдық және шығармашылық жұмыстарын жүйелі түрде іске асыруға, ғылыми зерттеу жұмыстарымен шұғылдануға, өздік жұмыстарын орындауға дағдыландыруға тиіспіз. Осы орайда, оқулық жаңа талаптардан шығуға, жан-жақты тереңдетілген білім алуға, үйренуге, сан-салалы тақырыптарға берілген тапсырмаларды өздігінен орындауға, мемлекеттік тілді білуге деген ынтасын арттыруға, жалпы білімге деген қызығушылығын оятуға қажетті бірден-бір көмекші құрал болып табылады.

Оқытудың кәсіптік шеберлігін тұрақты түрде жетілдіріп, нығайту және сабақты жүйелі түрде мемлекеттік стандартқа сай жүргізу үшін, жаңа инновациялық технологияларды қолданып, дәрісханаларды техникалық құралдармен жабдықтап, интерактивті тақталар орнатып, олармен жұмыстар жүргізу қалыптастырылуда. Соңғы жылдарда мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, оны дамыту әр қырынан қамтылған көптеген шараларда көрсетіліп, оның іс жүзіндегі пайдалану мүмкіндіктерін кеңейту жолдары қарастырылған бағдарламалары жасалып, іске асырылуда. Бұл оқу үрдісінің кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі.

Тілдің даму тарихында сөздің ауыспалы мағынасы ең маңызды мәселе болып табылады. Егер де сөздің ауыспалы мағынасын сөздің семантикалық құрылымда бас позицияда бекітетін болсақ, сөздің тура мағынасын ығыстыруға және ұмытуға тура келеді. Ағылшын мақал-мәтелдері – мың жылдан астам тарихы бар халықтың өсіп дамуының нәтижесі. Оларды тек көркем сөз құралы демей, ағылшын қоғамынан хабардар ететін білім қайнары деп те қараған жөн.

Тілдегі мақал-мәтелдер әрбір халықтың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы мен әдет-ғұрпы, дүниенің тілдік бейнесі болып табылады.

Көптілділік – заман талабы. Бір халықтың мәдениетін басқаларымен салыстыру арқылы ғана, әлем суретін әр алуан әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің барлық ерекшеліктерін және құндылықтарын сезінуге болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – 2008. – №3.
2. Қазақстан Республикасы Президент Жарлығы «тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».
3. Қадашева Қ. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. – Алматы, 2000.
4. Мұқаметқали М. Мұғалімдерді кәсіби педагогикалық инновациялық іс-әрекетке даярлау жолдары. – Өскемен, 2004.

<i>Шевченко Л.Я., Назарова С.В.</i> Проблема доступности образования .....	166
<i>Шолпанбаева Г.А., Святокум С.</i> Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану жүйесі .....	171
<i>Шолпанбаева Г.А., Феклюнина А.</i> Білім берудегі инновациялық үдерістер .....	173
<i>Жумағалиева Б.М., Жиенбаев Т.А.</i> Методика выполнения заданий экспериментального тура областной олимпиады по химии .....	177

## 2 СЕКЦИЯ

### КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ РАЗВИТИЕ НАУЧНОГО ПОТЕНЦИАЛА ПОДГОТОВКИ КАДРОВ DEVELOPMENT OF SCIENTIFIC POTENTIAL OF PERSONNEL TRAINING

<i>Аханова А.М.</i> Применение IT-технологий в системе воспитательной работы колледжа как средство повышения уровня образованности студентов колледжа .....	182
<i>Бекмаганбетова М.Т.</i> Колледж түлектерін жұмысқа орналастыруға көмек .....	187
<i>Бисембаева Ж.К., Оспаналиева У.О.</i> Бастауыш сынып оқушылардың байланыстырып сөйлеулерін мазмұндама жаздыру барысында дамыту әдістері .....	190
<i>Брагина Т.М., Брагин Е.А.</i> Изменения фаунистического состава позвоночных животных Костанайской области за последнее столетие.....	193
<i>Брагина Т.М., Брагин Е.А., Рулёва М.М., Бобренко М.А.</i> Влияние климатических факторов на состав и структуру сообществ почвенных беспозвоночных (мезофауна) целинных степей Костанайской области.....	198
<i>Брагина Т.М., Симонова Р.А.</i> Разнообразие гистерид (coleoptera: histeridae) рода saprinus Костанайской области .....	202
<i>Валяева Е.А., Кубеев М.С., Курлов С.И.</i> Биологическое разнообразие ихтиофауны водоемов Сарыкольского района Костанайской области .....	206
<i>Важев В.В., Важева Н.В., Губенко М.А., Ергалиева Э.М.</i> Компьютерные технологии как средство интеграции учебной и научно-исследовательской деятельности .....	210
<i>Жумабаев К.А., Жумабаева М.Б., Жиенбаева А.А.</i> Вопросы реализации образовательной и научной деятельности вуза (на примере Костанайского государственного педагогического университета).....	215
<i>Калиниченко О.В.</i> Интеграция научно-исследовательской и практико-ориентированной деятельности студентов-первокурсников в рамках работы научного кружка .....	220
<i>Кенжитаева Ж.Л.</i> Болашақ мамандарға ғылыми тілді дамыту .....	223
<i>Мендалиева Д.К., Кульниязова А.Н.</i> Болашақ мұғалімнің пәндік-кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында физикалық химия курсының «Электрохимия» тарауын оқыту әдістемесі .....	226
<i>Мендалиева Д.К., Қоныспай Р.Қ.</i> Аналитикалық химия пәнінде есептер шығарудың дидактикалық функциялары мен маңызы .....	228
<i>Петрушка А.Ю., Смаглий Т.И.</i> Теоретические подходы к исследованию временной компетентности .....	232
<i>Силенко Е.А., Смаглий Т.И.</i> Психологические условия успешности обучения взрослых иностранному языку с учетом когнитивных стилей .....	236
<i>Чашков В.Н., Чапаксин И.В., Жаналинова С.А., Махмұтова Г.Е.</i> Физико-химические методы исследования природных вод города Костанай на наличие тяжелых металлов.....	239
<i>Жумағалиева Б.М., Чашков В.Н., Чапаксин И.В.</i> Исследование отдельных химических компонентов в сточных водах .....	243